

«Новый орта мектеп – лицей» КММ бойынша бракераждық комиссия отырысының

№ 5 хаттамасы

2022 жылдың наурыз айының 16- ы күні мектеп асханасының жұмысы мен тамақтың сапасын тексеру бағытында құрылған бракераждық комиссиясының отырысы болып өтті.

Қатысқандар: Бракераждық комиссия мүшелері.

Күн тәртібінде:

1. Жекелеген санаттағы оқушылардың бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылуы (қамтылу саны) **Әлеуметтік педагог Елеусизова С .У.**
2. Тамақ ұйымдастыруға қойылатын санитарлық-гигиеналық нормалар мен талаптардың сақталуы, оқушылардың жеке бас гигиенасы. **Әбдіқалықова Б .А.**
3. Оқушылардың тамақтану гигиенасы , дәрумендер туралы толыққанды түсінік беру. Адам организміне олардың әсері туралы . **Жанғабылова С.**

Тыңдалды:

Күн тәртібінде бірінші мәселе бойынша: Әлеуметтік педагог Елеусизова С .У.

Мектепте тегін ыстық тамақтың ұйымдастырылуы туралы бұйрық (№221 15.09.2021ж) шығарылып, мектеп асханасының жұмысы мен тамақтың сапасын тексеру бағытында бракераждық комиссия құрылған болатын. Комиссия құрамында 8 адам жұмыс жасайды. Бүгінгі таңда оқушылар 3 кезеңмен бөлініп тамақтанады. Бүгінгі күн барысында ыстық тамаққа көп балалы, аз қамтылған, толық емес отбасы балаларынан 77 оқушы тартылды. Бұл жұмыс барысында әр оқушының үйіне барып, отбасы жағдайымен таныстым . Жағдайлары төмен, шынымен де көмекке мұқтаж отбасыларын көрдім. Осының негізінде қазіргі уақытта әлеуметтік аз қамтылған отбасының балалары , жекелеген санаттағы 77 оқушы бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылып отыр. Тамақ сапасы талапқа сай. Қатысым сапасы толық деңгейде. Ата-аналары мектеп әкімшілігіне алғыстарын білдіруде .

Күн тәртібінде екінші мәселе бойынша мектеп директорының орынбасары Б.А.Әбдіқалықов

Мектеп асханасының санитарлық жағдайы қанағаттанарлық. Күн сайынғы ас мәзірі қалалық СЭС бекіткен перспективалық ас мәзіріне сәйкес келеді. Мектеп асханасы, асхананың қызметкерінің санитарлық кітапшасы тексерілді. Рұқсат беру мерзімі нормаға сәйкес келеді. Аспаздың сыртқы киім үлгісі барлық санитарлық талапқа сай. Асхана барлық қажетті құрал-жабдықтармен жабдықталған. Ыдыстар мен ыдыс жуатын бөлменің жай күйі, ыдысты өңдеу және жуу сапасы қанағаттанарлық деңгейде. Шағымдар мен ұсыныстар кітабы жүргізіледі.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша бракеражды комиссия мүшесі **Жанғабылова С.**

Тамақтану –ағзаның қуат шығынынның орнын толтыруға ,тіндер құрылуына және жаңартылуына ,олардың қызметтерін реттеп отыруға қажетті ,бойға сіңіру процесі . Азық-түлік өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігінің мәселесі- күрделі мәселелердің бірі.Мектеп асханасындағы азық-түлік сапасы, гигиеналық талаптары ережеге сай . Жан – жақты бақылау, бракеражды комиссия тарапынан тексеріс болып тұруы –тамақтанушы оқушылардың денсаулығының бірден-бір маңыздысы деп ойлаймын. Себебі, әр оқушы үшін олар тұтынатын азық-түлік өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі бірінші орында болуы керек . Әр тағамда ағзаға қажетті дәрумен бар . Олардың біздер үшін маңызы зор. Ретинол деген атпен белгілі, А дәрумені майда еритін заттар тобына жататын, денсаулық үшін аса қажетті элемент. А дәрумені — сүйек жүйелерінің қатаюы, тістердің саулығы, жасушалардың тұрақты өсуі мен қайта қалпына келуі, ағзаның уақытынан бұрын қартаймауы үшін өте маңызды қосылыс.В1 дәрумені ет өнімдері, жұмыртқа, бауыр, нан, жарма секілді тағамдарда көптеп кездеседі. Ал В2 дәрумені бауырда, жұмыртқада, ет тағамдарында, асбұршақта, ашытқыда, баданада көп. 6 дәрумені бұршақты дақылдар мен ет өнімдерінде баршылық. РР дәрумені (никотинді қышқыл) немесе В3 дәрумені сұлу жармасы, бидай ұны, асқабақ, саңырауқұлақ, қызылша көкөністерінің құрамында кездеседі. С дәруменін барлық жеміс-жидек пен көкөніс құрамынан кездестіруге болады. Бұл дәруменнің ең мықты қайнар көзі – қара қарақат, құлпынай, шабдалы, киви, қызыл бұрыш, өрік, аскөк, ораздық, орамжапырақ, қымыздық жапырағы, долана және цитрустік жемістер. D дәрумені балық майы, саңырауқұлақ, жұмыртқа және ет өнімдерінде ұшырасады. Ал Е дәрумені астық өнімдері мен жаңғақтарда көп. К дәрумені картоп, қызанақ, сәбіз, ақжелкен өсімдіктерінде бар

Шешімі: Асхананың санитарлық жағдайы, асхана жұмыстарының санитарлық талаптарының орындалуы бракераждық комиссияның бақылауында болсын.



Комиссия төрағасы:

А.Кисикова

Хатшы:

С.Елеусизова